

**Ұлытау облысы әкімдігінің 2023 жылғы 9 ақпандағы № 08/01 "Ұлытау облысының аумағындағы бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындау әдістемесін бекіту туралы" және 2024 жылғы 5 ақпандағы № 07/01 "Ұлытау облысының аумағындағы бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындау әдістемесін бекіту туралы" Ұлытау облысы әкімдігінің 2023 жылғы 9 ақпандағы № 08/01 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" қаулыларының күші жойылды деп тану туралы**

Ұлытау облысы әкімдігінің 2024 жылғы 9 желтоқсандағы № 88/1 қаулысы. Ұлытау облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 9 желтоқсанда № 159-20 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес, Ұлытау облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) Ұлытау облысы әкімдігінің "Ұлытау облысының аумағындағы бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындау әдістемесін бекіту туралы" 2023 жылғы 9 ақпандағы № 08/01 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6-20 болып тіркелген);

2) Ұлытау облысы әкімдігінің "Ұлытау облысының аумағындағы бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындау әдістемесін бекіту туралы" Ұлытау облысы әкімдігінің 2023 жылғы 9 ақпандағы № 08/01 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" 2024 жылғы 5 ақпандағы № 07/01 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 90-20 болып тіркелген).

2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ұлытау облысының әкімі*

*Д. Рыспеков*